



Ж.Ә. Аймұхамбет¹
А.Қ. Сейпуганова²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
²С. Аманжолов ат. Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан
(E-mail: a_zhanat@mail.ru¹, aimgul@bk.ru²)

Абай өлеңдері мәтіндерінің субструктурасы

Аңдатпа. Мақалада структурализм әдісінің негізгі принциптері, оның заманауи әдебиеттанудағы маңызы айтылады. Структуралистердің таңбалар жүйесіне қатысты тұжырымдары салыстырылып, жүйеленеді. Семиотик-структуралистердің тұжырымдары бойынша кез келген зат немесе құбылыс таңбалық құрылыммен танылса, әдеби көркем туындыда таңба рөлін сөз атқарады. Сөздің символдық мәні танытуда таңбалық құрылымды таныту маңызды болмақ. Осы тұрғыда суреткердің поэтикалық танымының сөз арқылы бейнеленуі назарға алынады.

Қазақ поэзиясының үздік үлгісі санатындағы Абай өлеңдері мәтіндеріндегі символдық үлгілерді семиотикалық аспектіде қарастыру арқылы ақынның суреткерлік шеберлігін таныту мақсат етіледі. Абайдың поэзиялық мұрасы дүниетаным мен поэтикалық танымның мінсіз ұштасуының бірегей мысалы екендігі дәлелденеді. Көркем бейнелеудің озық үлгісіне айналып, кейінгі мәтіндерге сәулесін түсірген поэтикалық тіркестер мен ұғымдар ақын өлеңдерінің әлемдік кеңістігі мен биік деңгейін айқындай түсетіндігі айқындалады. Өмірлік философияны, көңіл күй әуендерін символдық суреттеулер арқылы таныту ақынның көп өлеңдеріне тән екендігі мысалдар арқылы көрсетіліп, тұжырымдар жасалады.

Түйін сөздер: структурализм, таңба, семиотика, поэзия, мәтін, суреткер, бейнелеу.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-133-4-8-15>

Түсті: 06.11.20 / Қайта түзетілді: 26.11.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 04.12.20

Кіріспе. Зерттеудің бағыт-бағдарына сәйкес әдіснамалық негіздер әдеби шығармашылықты танытуда маңызды орын алатыны белгілі. Әдебиеттану ғылымы тарихындағы мектептердің озық ұстанымдары түрлі жаңалықтармен толығып, бір-бірімен ұштасып, тың зерттеулердің туындауына жол ашты. Солардың ішінде мәтін құрылымын жан-жақты қарастыруға бағытталған структуралық әдіс өзінің өміршеңдігімен ерекшеленеді.

Заманауи әдебиеттануда басымдық алған структуралистік әдіс бастауы формализмде жатқанымен, пішін мәселесінде мәтінді талдауды «ішкі жағынан» ұйымдастыруымен ерекшеленеді. Әдебиеттанудағы структурализм ешқандай субъектінің қатысуынсыз микродетальдардың қалыптасу теориясын тудырды. Американдық антрополог, этнолог, мәдениеттанушы Лесли Уайттың пікірінше, структура ішкі жақтан қарастырылатын пішін

болмақ. Ол мекеншақтық сипатта шексіз әрі ұстатпайтын микродетальдар алмасуына назар аударады. Әдеби кейіпкердің рухани әлемі «материал-талдау-тұжырым» құрылымына жинақталады [1, 112 б.].

Құрылымдық талдауға деген екі түрлі, қарама-қайшы көзқарас бұл әдістің тиімді, әрі тиімсіз жақтарын сипаттайды. Қалай болғанда да, салмақты тұжырымдарға қол жеткізе алған структуралистік әдіс мәтін құрылымын тереңдей қарастырып, оның бірнеше қабатын яки деңгейлерін танытуда мол тәжірибие жинақтады. Струруктуралық антропология теориясының авторы француздық Клод Леви-Стросс пен семиотик, структуралист, әрі постструктуралист Роллан Барт тұжырымдарына тірек болған структурализм «өзара ұқсас жүйелердегі кез келген белгілі бір ортақ тәртіпті» танытуды мақсат тұтады. Структурализмнің семиотикалық тәсілі мәтін құрылымын түзетін «таңбаларды» белгілі бір тәртіпке бағынатын хронотоптық, әрі тарихи код пен мағынаның танылуы ретінде көрсетеді. Талдау процесінде мәтіндегі «дабылды» жүйеге үніледі. Осы «дабылды» жүйе таңбаның анықтамасы болмақ. Мәтіндегі негізгі ойды «таңбалайтын» сөз дабылды нүкте болып табылады.

Қайталана қолданылатын сөздер, тіркестер мен эпизоттар, портреттік детальдар – семиотикалық талдаудың басты материалдары. Семиотиктер осы «таңбалық материалдарға» назар аудару арқылы суреткердің шығармашылық тәжірибесіндегі «заттық бейнеліліктің» маңызды рөлін танытуды мақсат етеді. Таңбалалар жүйесін талдау Ю. Лотманның семиотикалық тұжырымдарында кеңінен көрініс тапты. Өнер туындыларын таңбалық жүйе ретінде зерттеу струруктуралық әдебиеттанудың өзгеше бір тәсілі болса, Р. Барт пен Ю. Лотманның мәтін мен шығарма кеңістігіне қатысты ұстанымдары осы тәсілдің негізгі нысандарын айқындай түсті.

Таңбалардан бас тартуды мақсат еткен постструктурализм де, айналып келгенде, сол таңбаларды танытудың жаңа үлгілерін ұсынуға көшеді. Фридрих Нищенің ықпалымен туындаған постструктуралистік ағымның өкіл-

дері Мартин Хайдеггер, Мишель Фуко, Жиль Делез, Жак Деррида, т.б. зерттеушілердің еңбектерінде мәтінді талдауға көзқарас түрлі сипатта орын алды. М. Фуконың «Ессіздік пен мақсатсыздық» кітабы Хайдеггер стилінде жазылса, 1966 жылғы «Сөздер мен заттар» еңбегі структуралистік ағымға бейімделуімен жаңа тенденцияға жол ашады. Осылайша, таңба құрылымдық талдаудың екі кезеңінде де өз маңызын арттырады.

Таңбалық жүйе және код туралы тартысты пікірлер парадигманың өзгеруіне әкелді. Сөйтіп, көркем мәтінді талдауда структурализмнің жаңа тәсілдермен толығын қамтамасыз етті. Біз классикалық мәтіндерге құрылымдық талдау жасағанда осы мәселелерге басымдық беруді мақсат тұтамыз.

Өнер туындысының авторы рухани өнімді суреткерлік биіктен тудыратыны хақ. Әдеби көркем туындының материалдық пішіні мәтін болса, оның түзілуінде ерекше қызметі бар детальдарды семиотикалық-символдық мәнімен анықтау құрылымдық поэтиканың басты ұстанымдарының бірі.

Семиотика таңбалар туралы ілім деп білсек, кез келген зат немесе құбылыс таңбалық құрылыммен танылады. Әдеби көркем туындыда таңба рөлін сөз атқарады.

Символ адамзаттық білімнің барлық саласының зерттеу нысанына айналды. Философиялық, мифологиялық, семиотикалық, т.б. аспектіде мәтін құрылымындағы символдарды талдау көптеген салмақты еңбектерге арқау болып келді. Символдың семиотикалық табиғаты оның өз бойына сіңірген ақпараттық, базалық қызметтерін анықтауға мүмкіндік береді. Біз Абай өлеңдері мәтін түзілімін струруктуралық әдіс тәжірибелеріне сүйене отырып, талдауды «символдық жүйенің» семантикалық табиғаты аспектісінде қарастырылады.

Символ семиотикалық аспект ретінде өз бойына тілдік, авторлық және зерттеушілік концептілерді жинақтаған инвариантты модель. Бұл үлгіде автордың бейнелі ойлауы негізгі тірек болмақ.

Зерттеу әдістері. Поэзия мәтінін талдауда әдеби аспектідегі структуралистік әдісті негізге ала отырып, анализ, синтез, салыстыру, ин-

дуктивті және дедуктивті әдістер тұрғысынан зерделенуі жүзеге асырылды.

Нәтижелер. Қазақ поэзиясының классикалық үлгісі болып саналатын Абай өлеңдері мәтіндеріндегі символдық үлгілерді семиотикалық аспектіде қарастыру ақынның суреткерлік шеберлігін тани түсуге мүмкіндік береді.

Абайдың поэзиялық мұрасы дүниетаным мен поэтикалық танымның мінсіз ұштасуының бірегей мысалы. Көркем бейнелеудің озық үлгісіне айналып, кейінгі мәтіндерге сәулесін түсірген поэтикалық тіркестер мен ұғымдар ақын өлеңдерінің әлемдік кеңістігі мен биік деңгейін айқындай түседі.

Өмірлік философияны символдық суреттелулер арқылы ұсыну ақынның көп өлеңдеріне тән.

Базарға қарап тұрсам әркім барар
Іздегені не болса сол табылар.

Біреу астық алады, біреу – маржан,

Әркімге бірдей нәрсе бермес базар [2, 41 б.].

Бұл жолдарда заттық ұғымды білдіретін бірнеше сөз кездеседі. Ол сөздер айтылар ойды бейнелеп жеткізудің негізгі құралына айналған.

Біз таңба деп қабылдаған әр ұғымның өзіндік табиғаты бар. Кез келген сөз өзінің бойына біз «көркем мәтін» деп анықтайтын ақпараттық жүйені жинақтағанда ғана таңбаға айналмақ. Мәселен «базар», «астық», «маржан» жай тұрғанда әлі таңба емес. Бұл аталған сөздер нақты мәтінде ғана таңбаға айналып, оның бір бөлшегі, негізгі мәні болып тұр. Тіршілік әрекетінің «ыстық нүктелерінің» бірі *базар* суреткердің айтар ойын тұспалдайтын символдық таңбаға айналып, оның парқы *астық*, *маржан* сияқты «таңбалық» ұғымдармен ашыла түседі. Базарға келуші, ондағы астық пен маржанды алушы – өлеңдегі әрекеттің иесі. Базарға баратын *әркім*, әркімнің біреуінің алатын заты екіншісі алатын заттан мүлде бөлек. Әркімнің іздегені әртүрлі нәрсе. Керек нәрсесін ақшасын төлеп алмақ. Ақын алушының нені қажет ететінін өз таңдауларына тастайды. Осы шумақта кездесетін номинативті (*базар*, *астық*, *маржан*, *нәрсе*) және атрибутты (әркім, біреу) тағы предикативті (*бару*, *керегін алу*) символдар ақын айтар негізгі ойға

тұспал жасайды. Әр сөз символдық мән жүктеп, өзінің «таңбалық» қызметін айқындайды. Өмір заңдылығын, сол өмірдегі өзіне тиесілі несібені парықтауды *базарға бару*, *керегін алу* әрекетімен сипаттай отырып ақын:

Біреу ұқпас бұл сөзді, біреу ұғар,

Бағасын пайым қылмай аң-таң қалар, –

деген жолдар оқырманды осы арқылы негізгі ойға бағыттайды. «Тіршіліктің базары – тірі жан керегін алар алаң» деген қалыптасқан бейнелі түсініктің астарлы мәнін символдық тізбектер арқылы тұспалдап берген ақын енді сол тұспалдың бәрін жинақтап «сөз» деген таңбамен ұсынады. Біреу ұғуы, біреудің ұқпауы мүмкін сөз... Базардан алынатын зат сияқты бұл сөздің де өз бағасы, нарқы бар...

Жеке-дара тұрғанда бір ұғымды беретін сөздің көркем мәтін ішінде жаңа мағынамен түрленеді. Мәтінді символық-семиотикалық тұрғыда пайымдағанда, осы он алты жолдан тұратын өлеңнің құрылымына қайталай назар аударуға тура келеді. Алғашқы алты жолдағы тұспалды бейнелеу келесі сегіз жолдық бөлікте нақты суреттеуге ауысады. Жазылған сөздің де керегі болар, тесік моншақ, яғни, керек сөз жерде қалмас. Біреу алса, сол арқылы елге жетер. Жалпақ жұртқа арналған алғашқы «алты жолдық сөзді» шамданбай ұғу ләзім. Міне, ұлы ақын осы тағлымды өлең тілімен ұсына отырып, өлеңнің соңғы бөлігін (екі жолын) тағы да «маржан» сөзімен бастайды. «Ит маржанды не қылсын», әркімнің ақылы мен өресі жеткен жеріне қарай сатып алынар нәрсе бар. Заттан сөзге ауысқан символдық таңба астарлы мәнге ие.

Абайдың бұл өлең мәтініндегі «әлемнің суреті» – базар ұғымымен беріліп тұр. «Базар» ауыспалы, символдық бейне. Көркем туынды мәтін өз алдына тұйықталған бір құрылым десек, оның мазмұнын түзетін таңбалар жүйесін анықтау қажет. Осы тұрғыдан келгенде, таңбалық сипатымен танылатын базар – кәдімгі сауда-саттық орталығы емес, өмір базары. Сөздің «символдық таңбаға» айналуында ақынның суреткерлік пайымы философиялық тұжырыммен ұштасып, поэтикалық кеңістікті түрлендіріп тұр. Символ, Ю. Лотман айтқандай, «шығармашылық процестің шоғырланған

бағдарламасының рөлін атқаратынына» [3, 240 б.] назар аударсақ, өлеңде айтылмақ ой таңбалы мән иеленген тұспалды ұғымдармен ишараланады. Базарға барып, керегін алу мотивімен бейнеленген өмір сүру, одан өз керегін таба білу тағлымы арасын жалғап тұрған символдар.

Өмір – базар, адам – сол базардан өз керегіне қарай тиісті нәрсесін алушы түріндегі көркем таңбалар жүйесі «өмір – адам» рухани белдеуіндегі бейнені «тіршілік – пенде» қалыбындағы ракурстан зерделейді.

Өмір туралы поэтикалық пайым ақынның «Қарашада өмір тұр» өлеңінде екінші бір қырынан көрінеді. Екі өлеңнің де мағыналық орталығы – өмірдің мәні, ондағы адамның орны. Өмір құбылыстары, кезеңдері циклды түрде өзгеріп отыратын ай аттарымен тұтастырыла суреттеледі.

Қарашада өмір тұр

Тоқтатсаң тоқсан көнер ме

Арттағы майда көңіл жүр

Шақырсаң қайтып келер ме [2, 134 б.]

Абай өлеңдерінің құрылымына тән бір ерекшелік – алғашқы шумақтағы ой философиялық пайымды эстетикалық қабылдаумен беріледі. Символикалық ишарамен басталған бейнелеу келесі шумақтарда философиялық толғанысқа ауысады. Бұл қатарға «Қарашада өмір тұр...», «Күлімсіреп аспан тұр...» өлеңдерін кіргізуге болады.

Қараша – күздің соңғы айы. Өмір сөзі арқылы бұл ай атауы енді адам ғұмырының мезгілін тұспалдауға ауысқан. Өмірдің өткіншілігі уақыттың өзгермелілігімен заңды байланыста. Қарашада тұрған өмірге тұрақтылық бұйырмаған. Суреткер бейнелегендей тоқтап қалуына мүмкіндік жоқ. Өзгермес заңдылық осы. Оның себебі көнбейтін «тоқсан (желтоқсан)» айы. Артта қалған май – бір пенденің ғұмырына тиесілі жастық шақтың (көктем мезгілімен бейнеленген) жарқын сәулесі. Көңіл ауған майдың қайта оралуы жоқ. Көркем туынды мәтінін түйықталған таңбалық құрылым деп қарасақ, *қараша, өмір, май, көңіл, қар, бәйшешек, от* т.б. таңбалар өз бойына тұспалды бейнелеуді жинақтап, ақын айтар ойды танытады. Алдыңғы шумақта ай-

тылатын «арттағы май» – өткен шақты, өткен өмірді аңғартады. Келесі шумақта сол май жаңа бейнелеумен түрленеді:

Майдағы жұрттың *іші* – қар,

Бәйшешек қарға өнер ме?

Ішінде кімнің *оты* бар,

Қар жауса да сөнер ме?

Абайдың суреткерлік пайымы философиялық мәнмен астасып, өмірлік адами ұстанымды алға тартады. Іштегі от – өмірге деген құлшыныс, талап пен жігер, былайша айтқанда, ұлы ойшыл өзі атап-түстеген бес асыл іске жылу берерлік нәрсе, жарық пен жылудың символы. Ішінде оты болса «қар жауса да сөнбес». Көне мифтік мәтіндерге жүгінсек, от деректі сипатқа абстракциялы ұғым арқылы ие болған. От – алаулап жанып тұрған сипаттағы заттық пішін ғана емес, от – өмірге, тіршілікке жылу, жарық беретін рухани күш. Ежелгі Мысыр пирамидалары туралы зерттеушілер өз еңбектерінде «пирамида» атауының «іштегі от», «ортадағы шырақ», «жарықтың тұрағы» [4] деген мағына беретініне ерекше назар аударады. Бұл біріккен сөзді («пура-мидос») ең алғаш рет әйгілі Геродот өз еңбектерінде қолданған екен. Адамзат танымындағы жанға жарық, рухқа қуат беретін «іштегі от» Абай қолданысында рухани қуат-көздің символы түрінде жаңғырады. «Іштегі оттың» орнын «іштегі қар» ұғымы алмастырғанда «өмір-адам» түсінігінің орнын «тіршілік-пенде» тіркесі ауыстырады. Өлең ары қарай осы тіршілігін күйттеген пенденің іс-әрекетін сынға алған сарынмен жалғасады. Тіршілікті күйттеген пайда қуу, қулық, пысықтық – айналасындағы осындай жағымсыз әрекеттер ақынды

Арсыз болмай атақ жоқ,

Алдамшы болмай бақ қайда? –

деген ащы мысқылға толы қорытындыға әкеледі.

Бұл өлеңдегі семиотикалық аспектімен тығыз сабақтастықтағы символдық қолданыстар таңбалық-ишаралық қыматті мағынамен, бейнелі оймен ұштастырады. Символ концептісі өзінің бейнесін таңбадан алады, яғни бұл символдың семиотикалық табиғаты болмақ. «Мәтін өзінің таңбаға қатысы арқылы ұғынылады. Шығарма белгілі бір таңбала-

нушымен тұйықталады» [5, 132 б.] деген Р. Барт пікірі тұрғысынан пайымдасақ, «таңбаның» сөз түрінде символдық мән иеленуін мәтін түзілімінің негізгі бір заңдылығы дейміз. Көпмағыналық қызметімен ерекшеленетін мәтін таңбалаушылардың көпвекторлығымен де көрінеді. Абай бейнелеген «қарашадағы өмір», «майдағы қар» таңбалаушылары символдық мәнімен екінші бір астарлы мағынаны ұқтырады.

«*Иштегі өрт*», «*іштегі қар*» сөз-бейнелеріндегі әуелгі тұрған «іш» сөзі «жанның» синонимі. Сол «жанның» халін Абай енді бірде «*іштегі дерт*» сөз-бейнесімен айқындайды:

Өзгеге көңілім тоярысың
Өлеңді қайтіп қоярысың.
Оны айтқанда толғанып,
Иштегі дертті жоярысың [2, 112 б.].

Өлеңнің тууы «іштегі дерттің» шипасының табылуы іспетті. Ғалым Ш. Ибраев айтқандай: «Өлеңнің туу сәтіндегі толғаныстың «дерт» екені, жайшылықтағы адамның айрықша бір күйге түсіп, өзгеріп кететіні шығармашылық үдерістің ағымы эмоционалдық, көрінген ортадан оқшаулану, тұнжырау, психикалық ерекше күй кешу түрінде өтетіні Абайда болған» [6, 52 б.].

Шығармашыл тұлғаның рухани ахуалынан туындаған өлең болмысы Абай қолданысында «*іш//сырт*» бинарлық оппозициялық құрылыммен сабақтастықта көрінеді:

Ішім толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей [2, 182 б.].

«Іш» пен «сырт» – «жан» мен «тәнді» таңбалаушы сөз-бейне ретінде көркемдік мәнде жұмсалып, лирикалық қаһарманның болмысын, психологиялық қалпын танытады.

Ішім өлген, сыртым сау [2, 72 б.].

Жанның мазасыз халі, заман мен адам туралы аласапыран ойлар ақынның лирикалық қаһарманын «іш» пен «сырты» екі түрлі, екіге жарылған қайшылықты қалыпта танытып, тартысты, трагедиялы өмірін аңғартады. Іш пен сыртты бір-біріне қарама-қарсы қоя отырып, *іштегі өрт пен дертті* сөз-бейне, яғни

таңба-символ түрінде ұсынады. «*У, өрт пен дерт*» түрінде таңбаланған ішкі дүние, яғни рух ширыға келе «өлген» қалыпта көрінеді.

Осы «іш пен сырт» сөз-бейнесі енді лирикалық кейіпкердің болмысынан шығып, өлеңнің, сөздің табиғатын сипаттауға ауысады:

Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын

Қазақтың келістірер қай баласы? [2, 57 б.]

Бұл жолдарда енді екі басқа, бір-біріне кереғар сипат жоқ. Бірін-бірі толықтырып тұрған «*іш – сырт*», «*алтын – күміс*» таңбаланулары салмақты, сәулелі сөзден түзілген өлеңнің мінсіз табиғатын айшықтайды.

Өлең табиғатын ішкі дүниенің буырқанысымен үндестіре отырып, оның «іші – алтын», «сырты – күміс» сөзбен таңбалануын мұрат тұтқан суреткер талантының қат-қабат қыры алуан тақырыптағы өлеңдерінде түрлі тәсілмен айшықталады.

Абайдың белгілі бір ұғымдарды түрлі мағынада қолдауы, сөйтіп символдық мән жүктеуі философиялық мән мен лирикалық саздың тоғысып, жаңа сипатты сөз бейнесін туындатады. «Көңіл құсы» түріндегі рух аңсары, «көңілдің көлеңкесі» метафорасымен айқындалатын ән:

Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа

Адам ойы түрленіп ауған шақта.

Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің,

Тактысына билесін ол құлаққа [2, 168 б.];

тас бұлақтың суына жуынуды қалайтын «кірлеген жүрек»,

Сылдырап өңкей келісім

Тас бұлақтың суындай,

Кірлеген жүрек өзі үшін

Тұра алмас әсте жуынбай [2, 170 б.];

шамырқанатын «ызалы жүрек»:

Ызалы жүрек, долы қол,

Улы сия, ащы тіл [2, 170 б.];

«көк тұман» айқындауымен елестейтін келер заман:

Көк тұман – алдыңдағы келер заман,

Үмітті сәуде етіп көз көп қадалған.

Көп жылдар көп күнді айдап келе жатыр,

Сипат жоқ, сурет те жоқ, көзім талған [2, 173 б.] –

мәтін құрылымындағы сөздердің «символдық таңба» түріндегі көрінісі.

Символ семиотикалық аспектіде тілдік, авторлық және зерттеушілік концептілерді жинақтаған инвариантты үлгі екенін айтқанда, ең негізгісі, суреткердің танымы, бейнелі ойлауы, оқырманға жеткізе білуі екені ескерілуі маңызды.

Мәтінді семиотикалық тұрғыда талдау структуралистер мен постструктуралистер тұжырымдары бойынша ойлау мен жазу, сөз бен таңба арасындағы өзара байланысты танытады. Жак Деррида 1967 жылы жарық көрген еңбектерінде мәтінді талдауда таңбалардың мәніне баса назар аударған. Жазу міндетті түрде сөйлеудің орнын басады, яғни ол санадағы үннің қайталануы. Сондықтан ол (жазу) өздігінен әрекет ете алатын, ақиқатты толықтыра түсетін таңба [7, 141 б.].

Қорытынды. Мәтінді талдаудың қай әдісінде де автор тұлғасы өзінің тұғырынан түспеуі тиіс. Осы тұрғыдан келгенде, суреткердің шеберлігіне ден қойып, ол туындатқан

таңба-символ айналасындағы астарлы ой, соны бейнелеулерді таныту басты міндет болмақ. Өлеңнің мәтіндік құрылымын талдау, сол арқылы ақынның суреткерлік болмысын таныту – структуралистік әдістің негізгі ұстанымы болса, мәтін қабаттарындағы символдық таңбалар, сөз-бейне жүйесін талдау арқылы өлеңнің мазмұнын ашуда әдеби интерпретацияның маңызы ерекше. Ұлы суреткер Абай өлеңдеріне мәтіндік талдау тек пішіндік тұрғыда емес, астарлы мәтін мазмұнын түзетін бейнелі, тұспалды қабаттарды талқылап, таныту бағытында тереңдей түссе, бұл бағыттағы жаңа ізденістерге жол ашылмақ. Мәтіннің семиотикалық-символдық табиғатын түсіндіру мақсатында талдау нысанына алынған өлеңдер құрылымындағы сөз-бейне, символикалық суреттеулер суреткер таланты мен танымының қуатын айқындай түсуге негіз болады.

Әдебиеттер

1. Уайт Л. Избранное: наука о культуре // Пер. с англ. – Москва: «Российская политическая энциклопедия» Серия «культурология XX в. (РОССПЭН)», 2004. – 960 с.
2. Абай. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қарасөздер. -Алматы: Атамұра, 2014. – 288 б.
3. Лотман Ю. Семиосфера. - Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 640 б.
4. Пирамида [Электрон. ресурс] – URL: <https://realmark.livejournal.com/4949.html> (Қаралған күні: 12.10.2020)
5. Барт Р. Шығармадан – мәтінге // Әдебиет теориясы: Антология. 2-том. Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 372 б.
6. Ибраев Ш. Абай феномені. Монографиялық зерттеу. – Нұр-Сұлтан: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, 2020. – 186 б.
7. Деррида Ж. Письмо и различие. Пер. с фр. Д. Кралечкина. -Москва: Академический проект, 2007. – 495 с.

References

1. Uait L. Izbrannoe: nauka o culture [Favorites: science of culture] Seriya Kulturologiya XX v. (ROSSPEN) [Series Cultural studies of the XX century] // Per. s angl. [TRANS. from angl.] (Moscow, Rossiiskaiya politicheskaiya entsiklopediya, 2004, 960 p.). [in Russian]
2. Abai. Sen de bir kirpish duniege. Olender men karasozder [You were born one brick too. Poems and Words of edification] (Almaty, Atamura, 2014, 288 p.). [in Kazakh]
3. Lotman Yu. Semiosfera [Universe of the mind] (Almaty, «Ul'ttyk audarma biurosy» kogamdyk kory, 2019, 640 p.). [in Russian]
4. Piramida [Pyramid] [Electronic resource] Available at: <https://realmark.livejournal.com/4949.html> (Accessed: 12.10.2020). [in Russian]

5. Bart R. Shygarmadan – matinge [From work to text] // Adebiet teoriyasi: Antologiya. 2-tom [Theory of Literature: An Anthology. Vol. 2] (Almaty, «Ulityk audarma biurosy» kogamdyk kory, 2019, 372 p.). [in Kazakh]
6. Ibraev Sh. Abai fenomeni [The phenomenon of Abay] Monografiyalyk zertteu [Monographic research] (Nur-Sultan, L.N. Gumilyov atyndagy EEU, 2020, 186 p.). [in Kazakh]
7. Derrida Zh. Pismo i razlichiye [Letter and difference] Per. s fr. [Per. with FR.] D. Kralachkin. (Moscow, Akademicheskii proekt, 2007, 495 p.). [in Russian]

Ж.А. Аймухамбет¹, А.К. Сейпутанова²

¹Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

²Восточно-Казахстанский университет им. С. Аманжолова, Усть-Каменогорск, Казахстан

Субструктура текстов стихотворений Абая

Аннотация. Статья посвящена изучению основных принципов метода структурализма и его значения в современном литературоведении. Сравняются и систематизируются заключения структуралистов по знаковой системе. Согласно мнению структуралистов-семиотиков, любой предмет или явление может выполнять в литературном художественном произведении роль символа, если оно познается через знаковую структуру. В познании символического значения слова очень важно понимание знаковой структуры. С данной точки зрения изучается отражение поэтического мышления писателя через слово.

Особенно важным представляется продемонстрировать изобразительное мастерство поэта путем рассмотрения в семиотическом аспекте символических образцов в текстах стихотворений Абая, представляющих собой лучшие образцы казахской поэзии. Находит свое отражение утверждение о том, что стихотворное наследие Абая является уникальным примером безупречного сочетания миропонимания и поэтического мышления. В выражениях и понятиях, которыми искрится лирика поэта, еще ярче проявляется высочайший уровень и мировой размах его стихотворений, ставших лучшими образцами художественного изображения. На основе анализа примеров автор приходит к выводу о том, что выражение с помощью знаковых описаний жизненной философии и мотивов настроения характерно для многих произведений Абая.

Ключевые слова: структурализм, знак, семиотика, поэзия, текст, художник, изображение.

Zh.A. Aimukhambet¹, A.K. Seiputanova²

¹L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

²S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan

The substructure of Abay's poem texts

Abstract. The article is devoted to the study of the basic principles of the structuralism method and its significance in modern literary criticism. The conclusions of the structuralists are compared and systematized according to the sign system. According to experts in structuralism and semiotics, any object or phenomenon can play the role of a symbol in a literary work of art if it is cognized through a sign structure. Understanding the sign structure is very important in understanding the symbolic meaning of a word. From this point of view, the author studies the reflection of the poet's thinking through the word.

It is especially important to demonstrate the literary mastery of the poet by considering in the semiotic aspect the symbolic samples in the texts of Abai's poems, which are the best examples of Kazakh poetry. The statement that Abai's poetic heritage is a unique example of an impeccable combination of worldview and poetic thinking is reflected here. In the expressions and concepts that sparkle the poet's lyrics, the highest level and world scale of his poems, which have become the best examples of literary depiction, are even more vividly manifested. Based on the analysis of examples, the author comes to the conclusion that expression with the help of symbolic descriptions of life philosophy and mood motives is characteristic of many of Abai's works.

Keywords: structuralism, sign, semiotics, poetry, text, artist, image.

Авторлар туралы мәлімет:

Аймұхамбет Жанат – негізгі автор, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

Сейпұтанова Айымгүл – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті, Өскемен, Қазақстан.

Aimukhambet Zhanat – **The main author**, Doctor of philology, professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan.

Seiputanova Aiyimgul – Candidate of Philological Sciences, docent, S. Amanzholov East Kazakhstan University, Ust-Kamenogorsk, Kazakhstan.